

**К.Т. Нуралина\***, PhD докторанты<sup>1</sup>  
**Ж.А. Абылкасимова**, PhD,

қауымд. профессор м.а.<sup>2</sup>

**Б. Қуантқан**, к.э.н., аға оқытушы<sup>2</sup>

Л.Н. Гумилев атындағы

Еуразия ұлттық университеті<sup>1</sup>

Нұр-Сұлтан, Қазақстан

Шәкәрім атындағы университет<sup>2</sup>

Семей, Қазақстан

\* – негізгі автор (хат-хабарларға арналған автор)

e-mail: nuralina73@mail.ru

## ҚАЗАҚСТАННЫҢ ЖӘНЕ АЙМАҚТЫҚ ЭКОНОМИКАНЫҢ НАРЫҚТЫҚ ТРАНСФОРМАЦИЯЛАНУЫНЫҢ ЖАҒЫМСЫЗ САЛДАРЫН ЗЕРТТЕУ

Бұл мақала Қазақстан экономикасының нарықтық трансформациялануының 30 жылдығына арналған. Посткеңестік елдерінде жүргізілген экономикалық реформаларға қатысты бірқатар тұжырымдар қарастырылған. Мақалада нарықтың экономиканың жағымсыз жақтарын түсіндіру, зерттеу мәселелері қаралды. Соның ішінде нарықтық трансформацияның әлеуметтік-экономикалық салдары көрсетілді. Шетелдік зерттеушілер мен сарапшылар ұсынған теориялық тәсілдерді біздің елімізде қолданудың жағымсыз салдары мен себептері жіктелді.

Нарық шаруашылықты ұйымдастырудың ең тиімді тәсілі болып табылғанмен, оның өте маңызды кемшіліктері бар. Нарықтық экономиканың бірқатар жағымсыз жақтарын зерттеудің маңызы, мемлекет және аймақ экономикасына кері әсері қарастырылды.

Еліміздің экономикасын дамыту мен әлеуметтік мәселелерді шешуде көптеген жұмыстар атқарылды, біршама табыстарға қол жеткізілді, бірақ нарықтық трансформацияның жағымсыз салдары азаймады.

Нарықтың жағымсыз салдарын төмендету қажеттілігі негізделген.

Нарық мемлекеттің араласуын талап ететін бірқатар мәселелерді тудырады, оны бақылау және реттеу қажетті. Автор мемлекеттің түрлі нысандарының араласуының көмегімен нарықтық трансформациясының жағымсыз теріс жақтарын бейтараптандыру немесе жұмсарту қажеттілігін тұжырымдайды.

Нарықтық механизмде айтарлықтай кемшіліктердің болуы мемлекеттің экономикалық өмірге араласуы арқылы реттеу қажеттілігіне әкеледі. Экономиканы мемлекеттік реттеу қажеттілігі, әдістері көрсетілген.

**Кілт сөздер:** нарықтық экономика, жағымсыз жақтары, әлеуметтік-экономикалық даму, бәсекелестік, әлеуметтік мәселелер, нарықтық трансформация, теңсіздік, жұмыссыздық, кепілдік, қорғау.

**Ключевые слова:** рыночная экономика, негативные стороны, социально-экономическое развитие, конкуренция, социальные проблемы, рыночная трансформация, неравенство, безработица, гарантии, защита.

**Keywords:** market economy, negative aspects, socio-economic development, competition, social problems, market transformation, inequality, unemployment, guarantees, protection.

**Кіріспе.** Экономикадағы және қоғамдағы өтпелі процесс – бұл әрқашан адамдардың экономикалық қатынастарындағы түбегейлі сапалық өзгерістер, соның негізінде елдегі әлеуметтік-экономикалық жағдай қалыптасады.

Жоспарлы экономикадан нарықтық экономикаға өтудің әлеуметтік-экономикалық салдары постсоциалистік барлық елдерде, Қазақстанда да көрінді. Реформалардың бастапқы кезеңінде, яғни 1991 жылдан 2001 жылға дейінгі кезеңде аса қатты сезілді. Жұмыс орындары саны күрт төмендеді, жұмыссыздық өсті, халықтың өмір сүру деңгейі төмендеді, инфляция артты және кедейлік өсті.

Ресейлік ғалым В. Стародубровский нарық жөнінде: «нарыққа өту баламалары жоқ; нарыққа тікелей, жеңіл, ауыртпалықсыз жол жоқ» деді [1].

Қазақстандық нарықтық трансформациялануының ерекшеліктері:

1) Қазақстанның өтпелі экономикасы КСРО-ның ыдырауы және қалыптасқан республикааралық, аймақаралық және шаруашылық-аралық байланыстардың стихиялық бұзылуы, бұрынғы біртұтас интеграцияланған экономикалық кеңістіктің ыдырауы жағдайында жұмыс істеді, ол басқа одақтас республикалардың экономикаларына тәуелді болды.

## Экономика

2) Ел бұрынғы жүйеден инфляция, өндіріс және жұмыссыздық деңгейлері арасында қалыптасқан үлкен сәйкессіздіктерге байланысты көптеген ауыр қаржылық, репродуктивті, құрылымдық мәселелерді және экономикалық және әлеуметтік дағдарысты басынан кешті.

3) Трансформациялық процесс нарықтық институттар мен инфрақұрылымдардың болмауы, сапалы заңдар мен заңнамалық актілердің, нарықтық экономиканың басқа да тетіктерінің тапшылығы жағдайында басталды.

Нарықтық институттарды құру тәжірибе, білім мен уақыттың жетіспеушілігі жағдайында экономиканы реформалаумен қатар жүрді, бұл елдің экономикалық саясатындағы үлкен қателіктерге әкелді, өтпелі кезеңнің транзакциялық шығындарын күрт арттырды.

4) Қазақстан экономикасы рубль аймағындағы реформалардың алғашқы екі жылында болды, бұл оны Ресейдің қаржы және ақша-кредит саясатына тәуелді етті. Реформалардың басында Қазақстанның мемлекеттік тәуелсіздігі кезіндегі оқиғалардың мұндай бұрылуының объективті себебі валюта саясатын жүргізу тәжірибесінің және жеткілікті алтын-валюта резервтерінің болмауы, оларды жинақтау үшін уақыттың тапшылығы және т.б. болды [2].

**Әдебиеттік шолу.** Экономикалық жүйені трансформациялау мәселелеріне [3, 4] және т.б. еңбектері арналған. Отандық авторлар [5, 6] және басқа да бірқатар авторлардың еңбектерінде әлеуметтік-экономикалық қатынастардың трансформациясының әртүрлі аспектілері қарастырылған.

Трансформация процестерінің аймақтық жүйелердің әлеуметтік-экономикалық дамуына

әсер етуінің оң және теріс факторлары [7, 8] және т.б. жұмыстарында зерттеледі.

Аймақ экономикасының дамуына Қазақстандық зерттеушілер де маңызды үлес қосты, жекелеп айтсақ [9, 10, 11] және тағы басқаларының еңбектерінен көрініс тапқан.

Жоғарыда аталған және басқа авторлардың аталған мәселелер бойынша өзекті мәселелерді шешуге қосқан елеулі үлесіне қарамастан, аймақтардың тұрақты әлеуметтік-экономикалық дамуына трансформациялық процестердің теріс салдарын төмендетуді басқарудың теориялық және әдіснамалық проблемалары тиісті көрініс таппады және одан әрі терең зерттеуді қажет етеді.

**Зерттеудің мақсаты:** Қазақстанның және аймақтық экономиканың нарықтық трансформациялануының жағымсыз салдарын зерттеу және алдын алу.

**Міндеттері:** нарықтық трансформациялануының жағымсыз салдарын зерттеу; жағымсыз салдарын анықтау; себептерін көрсету; оны жұмсарту немесе жою.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Мақаланың әдіснамалық негізі абстрактілі-логикалық, сараптамалық, салыстырмалы және құрылымдық әдістер болып табылады.

Зерттеудің теориялық негізі аймақтық экономиканың нарықтық трансформациясының жағымсыз салдарын төмендету саласындағы Қазақстандық және шетелдік ғалымдардың еңбектері болып табылады.

**Зерттеу нәтижелері мен оларды талқылау**

Өтпелі постсоциалистік елдердің экономикаларының әрқайсысы трансформациялық дағдарыс кезеңінен өтті.

Кесте 1

**Өтпелі постсоциалистік экономикалардың 1991-2000 жылдар аралығында трансформациялық дағдарыс кезеңі мен жағымсыз салдары\***

№	Елдер	Дағдарыстық құлдырау ұзақтығы, жыл	ЖІӨ-нің құлау тереңдігі
1	Орталық және Шығыс Еуропа және Балтық елдерінде	3,8	22,6%
2	ТМД елдерінде	9,0	50%-дан астам

\* [12] ақпарат көзі деректері бойынша құрылған

2001 жылы экономика саласындағы Нобель сыйлығының иегері Д. Стиглиц пен М. Спенсу посткеңестік елдеріндегі экономикалық реформаларға байланысты мынадай тұжырымдарға келді:

1) «көшу болжанғаннан гөрі мүлдем қиын болды»

2) «инфляцияны төмендету арқылы баға жүйесін нығайту кері әсер етуі мүмкін».

3) «аздаған олигархтардың орасан байлығының жинақталуымен сипатталатын жекешелендіру, қоғамдық капиталды бұзады және нарықтық экономикаға деген сенімнің жоғалуына әкеледі».

Д. Стиглиц, М. Спенсу нарыққа қарсы шығушылар қатарынан емес, бірақ олар пост-кеңестік елдердегі реформаларды бағалауда салмақты, нақты көзқарас танытты [13].

Нарықтық трансформация бірқатар өткір қайшылықтар мен жағымсыз салдарларды туындатты:

- көлеңкелі экономика айтарлықтай күшейді,
- жемқорлық көбейді;
- салықтар нашар жиналды;
- мемлекет рөлі әлсіреді;
- еліміздің байлығы, оның ішінде табиғи

ресурстары қоғамның аз бөлігіне бұйырды;

- олигархтық жүйелер қалыптасты;
- табиғи монополиялардың рөлі күшейді;
- бәсекеге тең қатысу мүмкіндігі жойылды;
- өнеркәсіп құлдырады;
- ұлттық нарықта импорттаушылар көбейді;
- халықтың табысы тең бөлінбеді;
- экономика отын шикізат кешеніне бейімделді;

імделді;

• ғылымды қажет ететін салалардың дамуы тоқтады.

1-кестеде шетелдік зерттеушілер мен сарапшылар ұсынған әртүрлі теориялық тәсілдерді Қазақстан Республикасында қолданудың негізгі себептері мен салдары ұсынылған [14].

Кесте 2

**Шетелдік зерттеушілер мен сарапшылар ұсынған теориялық тәсілдерді Қазақстанда қолданудың салдары мен себептері**

Шетелдік ғалымдардың ұсыныстары	ҚР-да қолданудың жағымсыз салдары	Себептері
1. Нарықтық экономиканың тұрақты жұмыс істеуі жағдайында ғана қолданылатын нарықтық тепе-теңдік пен еркін бәсекелестіктің абстрактті модельдері негізінде әзірленген ХВҚ ұсынған нарықтық қайта құру тұжырымдамасы	1. Экономикалық процестердің, ұдайы өндірістік байланыстардың, қалыптасқан тетіктердің бұзылуы; 2. Өндірістің орасан құлдырауы; 3. Тиімділігінің күрт төмендеуі; 4. Барлық шығындардың өсуі; 5. Жұмыссыздықтың өсуі; 6. Халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуі; 7. Әлеуметтік проблемалардың өсуі.	Нарықтық қатынастар әлі қалыптаспаған; Бәсекелестік орта жоқ; Ел экономикасы барынша тепе-тең емес және тұрақсыз болды.
2. Жедел жекешелендіру	1. Ірі өндірістік кешендердің ыдырауы; 2. Көптеген өміршең емес құрылымдардың, буындардың пайда болуы; 3. Технологиялық тізбектердің бұзылуы; 4. Ғылым мен өндіріс арасындағы байланыстың үзілуі; 5. Отандық өнімнің техникалық деңгейі мен бәсекеге қабілеттілігін төмендеуі; 6. Нарықтық кәсіпкерліктің мотивациясын бұрмалау және алыпсатарлық операциялардағы ағымдағы әсердің барынша артуы.	Меншікті бақылаусыз қайта бөлу және оны негізсіз төмен бағамен инвесторлардың қолына беру.
3. Ақша массасын барынша қысу арқылы қаржылық тұрақтандыру	1. Төлемдердің өсуі; 2. Төлем қабілетті сұраныстың азаюы; 3. Банк секторындағы еркін капиталдың шоғырлануы; 4. Өндірістік инвестициялардың тиімсіздігі; 5. Қоғамдық өндірістен түсетін табыстың едәуір бөлігін ірі жеке меншік иелерінің қолына шоғырландыру; 6. Өндірісті қысқарту арқылы ұлттық кірісті өндірістік емес тұтыну қарқынының өсуі, бұл тек ұлғаймалы ғана емес, сонымен бірге жәй ұдайы өндіріске де қауіп төндірді.	Ақшаның қалыпты айналымын қамтамасыз ететін тетіктердің болмауы; Қаржы саласын мемлекеттік реттеу бойынша әдіснамалық негізделген және іс жүзінде мөлшерленген шаралардың болмауы; Қоғамдық өндірістен түсетін кірістердің едәуір бөлігін ірі жеке меншік иелерінің қолына шоғырландыру; Инвестициялық қызметті тиімді мемлекеттік реттеудің болмауы.
4. Нарықты реттеудегі мемлекеттің рөлін төмендету	1. Экономиканы тым монополияландыру; 2. Елдің қауіпсіздігі үшін стратегиялық маңызды салалар болып табылатын ірі компаниялардың мемлекет бақылауынан кетуі; 3. Көлеңкелі секторды дамыту.	Нарықты реттеудегі және өтпелі процесті басқарудағы мемлекеттің рөлін төмендету

\* [14] ақпарат көзі деректері бойынша құрылған.

## Экономика

Мұның бәрі, нарықтық экономиканың жағымсыз жақтарын зерттеу қажеттілігіне әкеледі.

Нарықтық экономиканың жағымсыз жақтары:

- мұндай еркіндік дәрежесі болған кезде бүкіл жүйенің тұрақсыздығы және инфляция, жұмыссыздық сияқты дағдарыстық құбылыстардың болуы ықтималдығы жоғары;

- нарыққа қатысушылардың жаңа тауарлар немесе қызметтер шығару, сондай-ақ нарықтың басқа қатысушыларымен келісім жасау арқылы монополия құру мүмкіндігі;

- еркін баға белгілеу және ұсыныстың қолданыстағы сұранысқа тәуелділігі жағдайында көптеген арзан, бірақ әлеуметтік маңызды тауарлар мен қызметтер өндірілмейді немесе жеткіліксіз мөлшерде шығарылады;

- нарықтың осы үлгісімен халықтың табысы өте әртүрлі, әлеуметтік таптар құрып, азаматтардың үлкен қаржылық саралануын тудырады;

- өндіріске қол жетімді барлық ресурстарды пайдалануға мүмкіндік бере отырып, нарықтық экономика олардың сақталуын бақыламайды және олардың сарқылуына ықпал етеді [15].

Қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық жүйені өзгерту, әлеуметтік-экономикалық мәселелерді шешу бойынша шараларды мемлекет уақтылы және дұрыс қабылдауы тиіс. Қоғамдағы жағдай ушығып кетсе, әлеуметтік шиеленістің пайда болуына әкеледі. Бұл жағдайда әлеуметтік шиеленіс, әлеуметтік-экономикалық ортаға жағымсыз әсер етеді.

Аймақтарда өндіріс қарқынының төмендеуі, халықтың өмір сүру деңгейінің төмендеуі, жұмыссыздықтың жоғары деңгейі, демографиялық, экологиялық, әлеуметтік қызметтер көрсету саласындағы мәселелердің күшеюі және т.б. пайда болады.

Нарықтық трансформациялануының жағымсыз салдарын алдын алу шаралары үнемі мемлекет тарапынан қадағалауды қажет етеді. Нарық мемлекеттің араласуын талап ететін мәселелерді туындатады. Мемлекет біріншіден, кірістерді әділ бөлу мәселесін қарастыруы қажет. Нарық үшін өндіріс факторларына салымдарға сәйкес келетін бөлу тән. Осындай бөлінуден мүгедектер, науқастар, басқа да еңбекке жарамсыз азаматтар тыс қалады. Екіншіден, жұмыс істей

алатын және қалайтындар еңбек ету құқығымен қамтамасыз етілуі тиіс.

Әлеуметтік-экономикалық мәселелерге кейбір экономистер қоғамдық қажеттіліктерді қанағаттандыруды жатқызады, оны ақшалай өлшеу және төлемге қабілетті сұранысқа айналдыру мүмкін емес. Бірде-бір мемлекет ұлттық қорғаныс жүйесінсіз, халыққа білім берусіз, біртұтас энергетикалық жүйесіз, қоғамдық тәртіпті сақтау күштерінсіз, мемлекетті басқару аппаратынсыз және т.б. болмайды. Бұл тауарлар мен қызметтерді «өндіруді» мемлекет толығымен өзіне алуға мәжбүр. Өндірістік қызмет нәтижесінде қоршаған ортаның ластануы, табиғи қорлардың таусылуы және т.б. нарықтық тетіктің қол жетімділігінен тыс жатқан мәселелер неғұрлым маңызды болып табылады. Қажет болған жағдайда аймақтық сыртқы әсерлердің пайда болуын қадағалап, реттеуді мемлекет өзіне алуы тиіс.


Нарықтық трансформацияның жағымсыз салдарының экономиканы дамуға әсер ететін факторларын қарастырамыз. Нарықтық трансформацияның жағымсыз салдары бірі бірімен тығыз байланысты еңбек, капитал, табиғи ресурстар нарығын қамтиды.

Еңбек нарығында жұмыссыздықтың өсуінен, байлар мен кедейлердің табыстарының саралануы мен алшақтануынан көрінеді.

Қаржылардың мақсатсыз қолданылуы және көлеңкелі экономика қаржы нарығында байқалады.

Табиғи ресурстар нарығында табиғи ресурстардың азаюы.

Жұмыссыздық пен байлар мен кедейлердің табыстарының саралануы өз кезегінде адами капиталдың төмендеуін, экономикалық және демографиялық жоғалтуларды тудырады. Байлар мен кедейлердің табыстарының саралануы, қаржы нарығында қаржылардың мақсатсыз қолданылуы және көлеңкелі экономика саяси және бизнес элитаның заңсыз баюына әкеледі. Көлеңкелі экономика мен табиғи ресурстардың азаюы ұлттық шаруашылықтың экономикалық құлдырауы мен бәсекеге қабілеттілігінің жоғалуын тудырады. Мұның барлығы және экономикалық және демографиялық жоғалтулар мен саяси және бизнес элитаның заңсыз баюы қоғамдағы әлеуметтік шиеленісті күшейтеді.



1-сурет. Мемлекеттің экономикалық кеңістігіне нарықтық трансформацияның жағымсыз салдары

\* [15] ақпарат көзі деректері бойынша құрылған

**Қорытынды.** Нарықтың жағымсыз салдарын төмендету объективті және экономикалық тиімділік пен әлеуметтік әділеттіліктің, экономикалық еркіндік пен экономикалық теңдіктің арақатынасы қажеттілігінен туындайды.

Нарықтық механизмде айтарлықтай кемшіліктер – мемлекеттің экономикалық өмірге араласуы арқылы реттеу қажеттілігіне әкеледі.

Нарықтық экономикасы дамыған елдерде мемлекеттік басқару органдары нарықтық өзін-өзі реттеудің жағымсыз салдарын болдырмауға немесе әлсіретуге тырысады. Экономиканы мемлекеттік реттеу әртүрлі әдістермен жүзеге асырылуы мүмкін: құқықтық, әкімшілік, экономикалық.

Құқықтық реттеу меншік иелерінің, кәсіпкерлердің, қызметкерлердің, тұтынушылардың құқықтарын қорғауға және нарықтық инфрақұрылымның жұмыс істеуінің құқықтық нормаларын белгілеуге бағытталған заңдарды әзірлеуден тұрады.

Нарықтың бәсекеге қабілетті жағдайын қолдау үшін мемлекет кәсіпорындар, ресурстарды жеткізушілер және тұтынушылар арасындағы қатынастарды реттейтін заңнаманы әзірлейді.

Әкімшілік құралдар мемлекеттік билік жүйесіне негізделген және тыйым салу, рұқсат беру және мәжбүрлеу шараларын қамтиды. Олар

монополияланған құрылымдардың қызметін бақылау үшін және «көлеңкелі» экономикаға қарсы күресте кеңінен қолданылады.

Реттеудің экономикалық әдістері экономикаға тікелей араласу жолы (экономикалық дамудың ұлттық немесе өңірлік бағдарламаларын әзірлеу, мемлекеттік сатып алу) және жанама ықпал етудің түрлі құралдарын пайдалану арқылы (бюджет-салық, ақша-кредит, валюта және кеден саясаты арқылы) жүзеге асырылуы мүмкін. Осы құралдардың көмегімен мемлекет ресурстарды дамуы нарықтық тетікті қамтамасыз етпейтін салалар мен аяларға қайта бөледі. Ол субсидиялау немесе кейбір жағдайларда – толық қаржыландыру. Әлеуметтік шиеленісті болдырмау, халықтың әртүрлі топтарының кірістеріндегі теңсіздікті азайту үшін, кірістерді қайта бөледі.

Нарық шаруашылықты ұйымдастырудың ең тиімді тәсілі болғанымен, өте маңызды кемшіліктері бар, ол мемлекеттің түрлі нысандарының араласуының көмегімен бейтараптандырылуы немесе жұмсартылуы мүмкін және болуы тиіс.

Тұжырымдама – аймақтар үшін жағымсыз салдарларды азайта немесе бейтараптандыра отырып, аймақтардың дамуы үшін қажетті жағдайларды қалыптастыру негізінде тиімді нәтижені арттыру.

1. Стародубровский В. Переход к рынку. Некоторые уроки опыта // Вопросы экономики. – М., 1991. – № 2. – С. 125.
2. Есентугелов А. Экономика независимого Казахстана: история рыночных реформ // Под ред. К.К. Еженовой. – Алматы. – 2008. – 356 с.
3. Абалкин Л.И. Роль государства в становлении и регулировании рыночной экономики // Вопросы экономики. – 1997. – № 6. – 135 с.
4. Гайдар Е.Т., Шаталин С.С. Экономическая реформа; причины, направления, проблемы. М.: Экономика. – 1989. – 110 с.
5. Кенжегузин М.Б. Казахстанская модель социально-экономического развития: научные основы построения и реализации. – Алматы, ИЭ МОН РК. – 2005. – 368 с.
6. Есентугелов А.Е. Институционально-структурные преобразования экономики в Казахстане. – Алматы: НИИЭРО. – 1994. – 124 с.
7. Алиев В.Г., Атабаев Д.М., Алимуратов М.К. и др. Региональные проблемы переходной экономики. Вопросы теории и практики. – Москва, «Экономика». – 2002. – 645 с.
8. Колесников Ю.С. Регионализм в экономике // Научная мысль Кавказа. – 1997. – № 4. – 37 с.
9. Әубәкірова Ж.Я., Құдабаева Ж.М. Аймақтық экономика: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті. – 2014. – 162 б.
10. Мұхтарова Қ.С., Смағұлова Г.С. Аймақтық экономиканы басқару: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті. – 2013. – 149 б.
11. Сатыбалдин А.А., Нурланова Н.К. Политика пространственного развития экономики Казахстана: новые принципы, ключевые приоритеты и механизмы реализации. Коллективная монография / Алматы: ИЭ КН МОН РК. – 2017. – 484 с.
12. Кухарская Н.А. Сущность трансформации экономического развития Украины в условиях рыночных реформ // Економічні інновації. Шляхи та механізми реалізації відтворювальної функції національної економіки: зб. наук. праць. – Одесса, 2013. – Вып. 52. – С. 113-123.
13. Akerlof G., Spence M., Stiglitz J. L'asymetrie au coeur de la nouvelle microeconomie // Problemès econ. – 2001. – N 2734. – P. 19-24.
14. Теоретический анализ особенностей формирования рыночной экономики в РК. – [http://www.rusnauka.com/NPM\\_2006/Economics/16\\_kolos.doc.htm](http://www.rusnauka.com/NPM_2006/Economics/16_kolos.doc.htm).
15. Базылев Н.И., Гурко С.П., Базылева М.Н. и др. Экономическая теория: Пособие для преподават., аспирантов и стажеров. – 4-е изд., стереотип. – Мн.: Книжный Дом; Экосперспектива, 2005. – 637 с.

REFERENCES

1. Starodubrovskij V. Perekhod k rynku. Nekotorye uroki opyta // Voprosy ekonomiki. – М., 1991. – № 2. – S. 125 [in Russian].
2. Esentugelov A. Ekonomika nezavisimogo Kazahstana: istoriya rynochnyh reform // Pod red. K.K. Ezhenovoj. – Almaty, 2008. – 356 s. [in Russian].
3. Abalkin L.I. Rol' gosudarstva v stanovlenii i regulirovanii rynochnoj ekonomiki // Voprosy ekonomiki. – 1997. – № 6. – 135 s. [in Russian].
4. Gajdar E.T., SHatalin S.S. Ekonomicheskaya reforma; prichiny, napravleniya, problemy. М.: Ekonomika. – 1989. – 110 s. [in Russian].
5. Kenzheguzin M.B. Kazahstanskaya model' social'no-ekonomicheskogo razvitiya: nauchnye osnovy postroeniya i realizacii. – Almaty, IE MON RK. – 2005. – 368 s. [in Russian].
6. Esentugelov A.E. Institucional'no-strukturnye preobrazovaniya ekonomiki v Kazahstane. NIIERO, 1994. – 124 s. [in Russian].
7. Aliev V.G., Atabaev D.M., Alimuradov M.K. i dr. Regional'nye problemy perekhodnoj ekonomiki. Voprosy teorii i praktiki. – Moskva, «Ekonomika», 2002. – 645 s. [in Russian]
8. Kolesnikov YU.S Regionalizm v ekonomike // Nauchnaya mysl' Kavkaza. – 1997. – № 4. – 37 s. [in Russian].

9. Әубәкірова ЗН.ҰА., Құдәбаева ЗН.М. Аймақтық экономика: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2014. – 162 б. [in Kazakh].

10. Мұһтарова Қ.С., Смағұллова Г.С. Аймақтық экономиканы басқару: Оқу құралы. – Алматы: Қазақ университеті, 2013. – 149 б. [in Kazakh].

11. Satybaldin A.A., Nurlanova N.K. Politika prostranstvennogo razvitiya ekonomiki Kazahstana: novye principy, klyuchevye priority i mekhanizmy realizacii. Kollektivnaya monografiya / Алматы: ІЕ КН МОН РК. – 2017. – 484 б. [in Kazakh].

12. Kuharskaya N.A. Sushchnost' transformacii ekonomicheskogo razvitiya Ukrainy v usloviyah rynochnyh reform // Ekonomichni innovacii. SHlyahi ta mekhanizmi realizacii vidtvoryuval'noï funkcii nacional'noï ekonomiki: zb. nauk. prac'. – Odessa, 2013. – Vyp. 52. – S. 113-123.

13. Akerlof G., Spence M., Stiglitz J. L'asymetrie au coeur de la nouvelle microeconomie // Problemès econ. – 2001. – N 2734. – P. 19-24.

14. Teoreticheskij analiz osobennostej formirovaniya rynochnoj ekonomiki v RK. – [http://www.rusnauka.com/NPM\\_2006/Economics/16\\_kolos.doc.htm](http://www.rusnauka.com/NPM_2006/Economics/16_kolos.doc.htm) [in Russian].

15. Bazylev N.I., Gurko S.P., Bazyleva M.N. i dr. Ekonomicheskaya teoriya: Posobie dlya prepodavat., aspirantov i stazherov. – 4-e izd., stereotip. – Mn.: Knizhnyj Dom; Ekoperspektiva, 2005. – 637 s. [in Russian]

**К.Т. Нуралина, Ж.А. Абылкасимова, Б. Куанткан**

**ИССЛЕДОВАНИЕ НЕГАТИВНЫХ ПОСЛЕДСТВИЙ РЫНОЧНОЙ  
ТРАНСФОРМАЦИИ ЭКОНОМИКИ КАЗАХСТАНА И РЕГИОНА**

**Аннотация**

Данная статья посвящена 30-летию рыночной трансформации экономики Казахстана. Рассматривается ряд выводов, касающихся экономических реформ, проводимых в постсоветских странах. В статье рассмотрены вопросы исследования, разъяснения негативных аспектов рыночной экономики. В том числе отражены социально-экономические последствия рыночной трансформации. Были классифицированы негативные последствия и причины использования в нашей стране теоретических подходов, предложенных зарубежными исследователями и экспертами.

Хотя рынок является наиболее эффективным способом организации хозяйства, он имеет очень существенные недостатки. Рассмотрены значение изучения ряда негативных аспектов рыночной экономики, негативное влияние на экономику государства и региона.

Проделана большая работа по развитию экономики страны и решению социальных проблем, достигнуты значительные успехи, но негативные последствия рыночной трансформации не уменьшились.

Обоснована необходимость снижения негативных последствий рынка.

Рынок порождает ряд проблем, требующих вмешательства государства, которые необходимо контролировать и регулировать. Автор формулирует необходимость нейтрализации или смягчения негативных аспектов рыночной трансформации с помощью вмешательства различных форм государства.

Наличие существенных недостатков в рыночном механизме приводит к необходимости регулирования путем вмешательства государства в экономическую жизнь. Показана необходимость, методы государственного регулирования экономики.

**K. Nuralina, J. Abylkasimova, B. Kuantkan**

**STUDY OF THE NEGATIVE CONSEQUENCES OF THE MARKET  
TRANSFORMATION OF THE ECONOMY OF KAZAKHSTAN AND THE REGION**

**Annotation**

This article is devoted to the 30th anniversary of the market transformation of the economy of Kazakhstan. A number of conclusions concerning economic reforms carried out in post-Soviet countries are considered. The article discusses the issues of research, explanations of the negative aspects of the market economy. In particular, the socio-economic consequences of market transformation are reflected. The negative consequences and reasons for the use of theoretical approaches proposed by foreign researchers and experts in our country were classified.

Although the market is the most effective way of organizing the economy, it has very significant drawbacks.

## *Экономика*

---

The importance of studying a number of negative aspects of the market economy, the negative impact on the economy of the state and the region are considered.

A lot of work has been done to develop the country's economy and solve social problems, significant successes have been achieved, but the negative consequences of market transformation have not decreased.

The necessity of reducing the negative consequences of the market is justified.

The market generates a number of problems that require state intervention, which must be controlled and regulated. The author formulates the need to neutralize or mitigate the negative aspects of market transformation through the intervention of various forms of the state.

The presence of significant shortcomings in the market mechanism leads to the need for regulation by state intervention in economic life. The necessity and methods of state regulation of the economy are shown.

